

ТҮЛҒА

Мирлан Қызылов:

«- БІЗ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ДАЯРЛАУ ҮРДІСІНЕН ҚАЛМАУЫМЫЗ КЕРЕК!»

Заман ағымына қарай әскери жолды таңдаған жастарымыздың қатары жыл санап өсіп келеді. Оның ішінде құқық қорғау саласында қызмет етуді мақсат қойған қаншама жалындаған ұл-қыздарымыз бар. Қазіргі кезде елімізде білім алып, маман иесі боламын дегенге барлық мүмкіншілік жасалынған. Ішкі істер саласының салауатты қызметкерлерін, яғни құқық қорғау мамандарын даярлайтын еліміздегі белді жоғарғы оқу орындарының бірі - ведомстволық ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай Академиясы болып саналады.

Қостанай қаласына барған іс-сапар барысында бізге берілген мүмкіндікті пайдаланып, Академия бастығы, з.ғ.к., профессор, полиция полковнигі Мирлан Ахмедияұлы Қызылов мырзамен сұхбаттастық.



КЕЙІПКЕР КЕЛБЕТІ

Мирлан Ахмедияұлы Қызылов – Қазақстан Республикасы ІІМ Қостанай академиясының бастығы, заң ғылымының кандидаты, профессор, полиция полковнигі.

1968 жылы қыркүйек айының 20 жұлдызында Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылында туған. 1995 жылы ҚР ІІМ Қарағанды жоғары мектебін үзік бітірген.

1989 жылдың наурыз айынан бастап ішкі істер органдарының орта және аға басшылық құрамдарының әртүрлі лауазымдарында қызмет атқарды.

1989ж. бастап Қарағанды қ., Ленин аудандық атқару комитеті ІІБ милиция ротасының милиционері болып қызмет атқарды, содан кейін Ленин аудандық атқару комитеті кадр тобының жауынгерлік және дене дайындығы жөніндегі нұсқаушысы болып қызмет атқарды.

1991ж. бастап Қазақстан Республикасы ІІМ ҚЖМ тыңдаушысы, содан кейін Қазақстан Республикасының көкейтесті әкімшілік - құқық сұрағын әзірлеу жөніндегі бөлімінің ғылыми қызметкері болып қызмет атқарды.

1996ж. наурыз айынан бастап 1997ж. маусым айына дейін Қарағанды облысы ІІДББ жедел уәкілі, аға жедел уәкілі қызметтерін атқарды.

1997ж. маусым айында Қазақстан Республикасы МТК ҚЖМ әкімшілік құқығы кафедрасының оқытушысы лауазымына тағайындалды.

1998ж. ақпан айынан бастап 1999 ж. қыркүйек айына дейін Қазақстан Республикасы ІІМ Қостанай жоғары мектебінің Ақмола филиалы әкімшілік құқығы кафедрасында, содан кейін ІІМ Ақмола заң колледжінде қызмет атқарды.

1999ж. аға оқытушы лауазымына, 2002 жылы доцент лауазымына, ал 2006 жылы Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды заң институтының әкімшілік құқық және АД ІІО кафедрасы бастығының орынбасары лауазымына тағайындалды.

2008ж. Академияның оқу жұмысы жөніндегі институт бастығының орынбасары лауазымына тағайындалды.

Осы уақыт аралығында М.А.Қызылов ІІО қызметін ғылыми-зерттеу және педагогикалық қызметпен қатар атқарды.

2002ж. кандидаттық диссертациясын мемлекеттік тілде қорғады. 2002ж.19.01. Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі ЖАК шешімімен 12.00.08. мамандығы бойынша заң ғылымының кандидаты атты ғылыми дәреже берілді.

Академияның және тағы да басқа заң саласындағы жоғары оқу орындарының оқу процесінде М.А.Қызыловпен дайындалған оқу, оқу-әдістемелік және оқу-тәжірибелік әдебиеттер кеңінен қолданылады.

Дәлірек айтқанда, «Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі» (көлемі 13,3 б.п.); мемлекеттік тілдегі альбом - схема: Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің бағдарламасы бойынша «Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы» (көлемі 29,0 б.п.) және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Ғылыми - әдістемелік кеңесінің ұсынысымен (серіктес авторлық), «Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі» (көлемі 16,2 б.п.) оқу құралдары.

Педагогикалық және ғылыми қызмет жасау кезінде М.А.Қызыловтың 64 оқу-әдістемелік құралдары мен ғылыми жұмыстары жарияланды, оның ішінде 39 қылмыстық құқық және 25 әкімшілік құқық бойынша, соның ішінде 5 ғылыми басылым, 36 ғылыми мақала, 16 оқу басылымы, оның ішінде 2 оқулық, 2 оқу құралы, 1 жедел-тактикалық талдама және 2 электрондық оқу құралы, олардың бірі - Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитетінде тіркелген. Онымен техникалық және кәсіби білім беру оқулығы ретінде Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігімен ұсынылған «Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы» (көлемі 26,4 б.п.) және «Құқық» мамандығының тобы бойынша Оқу - әдістемелік секциясымен ұсынылған «Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі» (13,5 б.п.) 2 оқулық мемлекеттік тілде дайындалды.

2009ж. ақпан айында «Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі» (көлемі 13,5 б.п.) оқулығы, 2009ж. қыркүйек айында «Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы» (көлемі 26,46 б.п.) жарық көрді, «Әдіс-нама» оқу құралының (оқытушының шеберлігі) авторы.

Қызмет атқару кезінде Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл» медалімен, Қазақстан Республикасы ІІМ бұйрығымен «Құқық тәртібін қамтамасыз етуде үздік шыққаны үшін», «ІІО мінсіз қызметі үшін» І-ІІ-ІІІ дәрежелі медальдарымен, «Қазақстан полициясына 15 жыл», «Қазақстан полициясына 20 жыл», «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының ардагері», ІІМ Құрмет грамотасымен, «ІІМ үздік қызметі үшін» және «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының құрметті қызметкері» кеуде белгісімен марапатталды. 1 дәрежелі «тәлімгер» маман.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2014 жылғы 24 мамырдағы №173 бұйрығымен ҚР ІІМ Қостанай Академиясы бастығының міндетін атқарушы болып тағайындалды.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2014 жылғы 14 маусымдағы №135 бұйрығымен ҚР ІІМ Қостанай Академиясының бастығы болып тағайындалды.

- Мирлан Ахмедияұлы, дара тұлға - қазақтың тұңғыш генералы Шырақбек Қабылбаевты кейінгі ұрпақ - біз, мақтан тұтамыз. Белгілі қоғам қайраткерінің ерен еңбегін жоғары бағалап, елі үшін еңбек еткенін елеп, мүсінді ескерткіш тұрғызып жатырсыздар. Оған қоса шағын галереялы мұражай ашылғалы жатыр. Бұл еңселі ескерткіштің бой көтеруіне ықпал еткен абзал адамдарды атап өтіңізші. Әлбетте, Сіздің есіміңіз сол жандардың алдыңғы қатарында екенін білеміз...

- Өткен жылы маусым айында бізге Ішкі істер министрлігінен осы Қостанай Академиясына Шырақбек Қабылбаевтің есімін беру туралы ұсыныс болды. Біз қуана келістік.

Жалпы жиын өткізіп, Академияға белгілі қоғам және мемлекет қайраткері Шырақбек Қабылбаевтің есімі берілсін деп хаттама жасаған болатынбыз. Сөйтіп, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 ж. 9 желтоқсандағы №1287 қаулысымен «ҚР ИІМ Қостанай Академиясы» мемлекеттік мекемесіне Шырақбек Қабылбаевтың есімі берілді.

Үкімет қаулысының шығуына үлкен септігін тигізген Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі, генерал-полковник Қалмұханбет Нұрмұханбетұлы Қасымов мырза болатын. Осы жылдың ақпан айында біз Шырақбек Қабылбаевтің немере жиені, Қазақстан Республикасының құрметті сәулетшісі Исабаев Ғалым Нұрқалиұлына Академия ұжымының Шырақбек Қабылбаевты ұлықтап ескерткіш орнатуға ниетіміз бар екенін айттық. Ол кісі ұсынысымызды бірден қабылдап, Академияға арнайы келіп, сәулетшілік жоспар құрған болатынбыз. Ашылу салтанатын өзіңіз де көрдіңіз, ескерткіштің Академия алаңында тұрғанының өзі бір ғаламат. Көріп тұрғандай, ескерткіштің оң жағында -

Абай даңғылы, сол жағында - біздің Академия орналасқан. Өйткені, ұлы Абайдың туылған жері - Семей, ал Шырақбек Қабылбаевтың туған жері - Семей өңірінде. Міне, мұның бәрінде де біз байланыс бар деп есептейміз. Ескерткіштің сәулетшілік үлгісі ерекше екені бірден байқалады. Тағы да айта кетсем, ескерткіштің салынуына үлес қосып, қаржылай көмек көрсеткен Семей қаласындағы азаматтардың бірі, облыстық мәслихат депутаты Марат Сабыржанұлы және Қостанай облыстық ішкі істер департаментінің бастығы, генерал-майор Маткенов Төлеген деген азаматтар. Сондай-ақ, біздің Академияның барлық ұжымы бір ауыздан өздерінің үлестерін қосты деп айтуға болады. Ендігі кезекте, мұражайға оралатын болсақ, шыны керек, барлық ақпараттардың басында, оның қайнар көзін жинап, мұражайда орналасқан стендтердегі әрбір сөзді сараптамаға салып, үлкен жұмыс атқарған Академияның баспасөз қызметінің хатшысы Орынбасар Уақпаева ханым болатын.

- Рахмет! Академия Тәжікстан Республикасымен 2008 жылы келісім шартқа отырған екен. Оның негізінде, Тәжікстан Республикасының азаматтары мен азаматшалары осы Академияда білім алып, тәжірибе алмасуда. Тәжікстан Республикасының білім сапасы Қазақстанмен салыстырғанда, әлдеқандай төмен көрінеді деп естиміз. Сонда ол қалай болғаны? Академияда білім алуға Тәжікстан азаматтарына қойылған басты шарт қандай? Оларды қалай оқытасыздар және оларға қандай жеңілдіктер жасалынған...

- Жоғары оқу орнының ғылыми - зерттеу жұмыстарының қызметін жетілдіру бойынша Халықаралық ынтымақтастық масштабында ТМД елдерінің

қылмыстық-атқару жүйесі үшін білім саласында және кадрларды даярлауда 2009 жылы Академияға Тәжікстан Республикасының 10 азаматы келіп түсті. Бүгінгі таңда, оқу ордасында 25 тыңдаушы білім алып жатыр. Осы тыңдаушылардың ішінде білім үлгерімі жағынан, мәдени - көпшілік және қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып, спортта биік белестерден көрініп жүрген тыңдаушыларымыз да баршылық. Біздің ортақ мақсатымыз - тыңдаушыларды парасатты, әділеттің ақ жолынан таймайтын, адамгершілігі мол, Отаны мен еліне адал қызмет ететін қызметкер ретінде тәрбиелеу, сауатты білім беріп, өз ісінің кәсіби шебері болуына бар күш-жігерімізді жұмсау болып табылады.

Тәжікстан Республикасының азаматтары сол елде Әділет министрлігінің іріктеу нәтижесі бойынша бізге жіберіледі. Оларға қойылатын басты шарт - тіл мәселесі.

Осы жерде: - Тіл жылатып, қуантып күлдіреді, Тасты жарып, таспадай тілдіреді.

Тілсіз ұлыс ұлтында болған емес,

Тіл болмаса, қазақты кім біледі, - деген өлең жолдары ойыма түседі. Тіл - ұлтымыздың баға жетпес байлығы, асыл мұрасы. Сондықтан да біздің елге тәжірибе алмасып, білім алуға келген әр шетелдік азаматқа тілді білу қажет. Тәжікстан Республикасының азаматтары мемлекеттік тілде еркін немесе орыс тілінде сөйлеп қоймай, екі тілде іс қағаз құжаттарын жүргізе білулері басты назарға қойылған. Немесе осы Қазақстан Республикасындағы кез келген оқу орындарынан, ия болмаса Академияда 1 жылдық тіл курсына оқып келуі керек. Қазіргі мемлекетаралық келісім-шарт жасасуда, соның негізінде біз Тәжікстан азаматтарын оқуға қабылдау үрдісін бастаймыз.

Егерде, білім алушы

азаматтар тіл үйрене алмай, оқу үлгерімі төмен, тәртіп мәселесі теріс болса, мемлекеттік келісім шарт негізінде оларды оқудан шығаруға құқылымыз. Яғни, бұл азаматтар қазіргі таңда тегін білім алып жатыр. Оларға қаражат еліміздің бюджетінен бөлініп жатыр. Егер олар жоғарыда айтылған себептер бойынша, оқудан шығарылатын болса, онда біздің Республика оқу ақысы және тамақ, жатын бөлмесіне кеткен қаражатты сот арқылы талап етеді.

- Осы жерде, тағы бір сұрақ туындайды. Қазақстанның азаматтары шетелдік ведомстволық оқу орындарында тәжірибе алмасып, білім алуларына қандай жағдайлар жасалынған?!

- Басты мәселе - өткен жылы Академиямызға 310 тыңдаушы қабылданды. Оның ішінде он шақты тыңдаушыны біз Ресей Федерациясының Волгоград, Санкт-Петербург және Омск қалаларына оқуға жібердік. Оларды Қазақстан мен Ресейдің арасындағы мамандарды даярлау негізінде жасасқан келісім-шарт бойынша біз даярлауға жібердік. Ол азаматтар білім алып келгеннен кейін біздің Республикамызға жұмыс істеуге келеді. Сонымен қатар, өткен айдың 23-26 аралығында Біріккен Араб Әмірлігінде полиция Академияларының әлемдік деңгейдегі Ассоциясының конференциясы болды. Сол конференцияда біз академиялық мүшелікке қабылдандық. Ендігі кезекте, біз сол әлемдік академиялармен білім алмасуымыз үшін Академия тыңдаушылары ағылшын тілін жетік меңгеруі тиіс. Оған барлық жағдай бар, тек қана талпыныс, құлшыныс керек. Халықаралық полиция қызметкерлерін даярлау үрдісінен біз қалмауымыз керек. Әлемдегі 60-тан аса полиция академияларының ішінде, біз өзіміздің орнымызды алып отырмыз. Ол бізге не береді десек, шетелдік

полиция қызметкерлерін даярлау үлгілерінің озық жақтарын біз өзімізге ала отырып, отандық жүйеге енгізуіміз керек. Ол үшін әлі талай алдымызда ғылыми ізденістер тұр. Біз оны қазір жандандыру жолында жұмыс жасап жатырмыз.

- Биыл тағы бір түлектер қатарын ұшырып, жас полиция лейтенанттарын даярлап шықтыңыздар. Ендігі мәселе, олардың оқып шыққан мамандығы бойынша жұмысқа орналасуы. Түлектер 4 курс барысында, болашақ жұмыс орындарында тәжірибеден өтті ме?

- Жұмыспен қамту мәселесі олардың 2011 жылы оқуға қабылданған кезінен шешіліп қойылған. Академияға қабылданған тыңдаушылар 4 жыл оқу бітіргеннен кейін 100 пайыз жұмыспен қамтылады. Биылғы бітіруші 131 адамның ешқайсысы жұмыссыз қалмайды. Яғни, жасақтаушы орган оларды жұмысқа алады. Оның ішінде бір өзгешелік бар, биыл 11 бала қызыл дипломға бітірді. Олардың Қылмыстық-атқару жүйесінде, ішкі істер департаменттерінде жұмыс таңдауға құқысы көбірек екенін айта кеткен жөн.

- Түлектер демекші, мектеп бітірген жас талапкерлер Академияға оқуға түсті делік. Алайда, бір-екі ай ішінде оқуға құлшынысы төмендеп, екі ойлы болып, оқудан бас тартатын талапкерлерге қандай шара қолданылады?

- Иә, осындай жағдайлар болып тұрады. Мысалы, өткен жылы 310 тыңдаушы қабылданды, соның ішінде тамыз айында өткізілетін алғашқы дайындық курсына 9 ер бала өз еркімен біз мамандықты дұрыс таңдамадық деп, өтініш жазып, кетіп қалды. Ал, түскен 80-нен астам қыз баланың осыған дейін бір де біреуі кеткен жоқ. Бұдан төзімділікпен шыдамдылықты

көруге болады. Біздің Академияда 4 жыл білім алу барысына жоспар құрылған. Біріншіден, бейімделу, екіншіден, мамандықтарының қиындықтарын еңсеру, үшіншіден, курста тәжірибеге бейімделу керек, төртіншіден, курста өзінің таңдаған мамандығында жұмыс істеуі керек.

- Мирлан Ахмедияұлы, Сіз заң ғылымдарына кандидат, профессор ретінде биылғы жаңадан шыққан кодекстердегі өзгерістер жөнінде өз пікіріңізді айтынышы. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару кодексіне түсіндірмелер кітабының жинақталуына тоқтала кетсеңіз...

- Қазіргі уақытта біздің Республикамызда Тәуелсіз Мемлекеттер Одағы арасында немесе әлемдік деңгейде бір мемлекетте бірден үш кодекстің бірден заңды күшіне енуі - бірегей жағдай. Ол енгізілген кодекстер бойынша ІІМ салаларында соған бағытталған жұмыстар жүргізіліп жатыр. Жаңа заңнамаларда өте көп өзгерістер бар. Мысалы, қылмыстық кодекске келетін болсақ, қылмыс болып келген қылмыстық әрекеттер әкімшілік қылмыстық санатына өзгертілді. Ал, әкімшілік құқық бұзушылық санатында болған кейбір қоғамдық қауіпті іс-әрекеттер қылмыстық теріс қылық санатына ауыстырылып, қылмыс және қылмыстық қылық деп екіге бөлініп өзінің жауабын беріп жатыр. Олардың бәрі тәжірибеден өтіп, кейбір қылмыстық кемшіліктер айқындалып жатыр. Оған байланысты Академияда арнайы ғылым саласы бойынша жұмыс істеушілер, жаңа заңнамалардың оң және теріс әрекеттерін анықтап, зерттеу үстіндеміз.

Қылмыстық-атқару кодексіне түсіндірмеге келетін болсақ, Жалпы редакцияны басқарған Қазақстан Республикасы Ішкі істер

министрі, полиция генерал-полковнигі Қ.Н.Қасымов, жауапты редактор - ҚР ҚАЖ комитеті төрағасы, әділет генерал-майоры Б.М.Бердалин, ғылыми редактор - ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясы бастығының орынбасары, заң ғылымдарының докторы, профессор, полиция полковнигі З.С.Тоқубаев және авторлық ұжымның негізгі міндеттерін ҚР ІІМ ҚАЖ комитеті төрағасының орынбасары, заң ғылымдарының кандидаты, әділет генерал-майоры М.А.Аюбаев мырзамен қатар мен де авторлық басшылықта болдым. Біз қазіргі уақытта тәжірибеге бейімделген қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлеріне осы заңның жаңалықтарын аша отырып, қалай қолдану керектігінің әдістерімен тәсілдерін айшықтап бердік. Қазіргі уақытта, бұл қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерінің үстел үстінде бірден көзге түсетін кітабы. Сол арқылы біз жұмыстарына жеңілдік жасап бердік. Яғни, түсіндірменің оларға берері мол, өйткені, жаңа шыққан заңнамалардың қыр-сырларын ашып беру үшін үлкен ұжымның ғылыми түсіндірмесі болуы керек. Сол арқылы ғана бұл қоғамға өзінің көп септігін тигізеді.

- Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауының міндеттерін орындау мақсатында Академияда қандай шаралар атқарылуда?

- Елбасымыздың Жолдауының міндеттерін орындау мақсатында, Қазақстан Республикасы ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай Академиясы қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері мен ішкі істер органдары үшін сотталғандарды түзеу және жазаларды орындау мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, кәсіптік жоғары заң және жоғары психологиялық-педагогикалық білімі бар мамандар даялайтын мамандандырылған оқу

орны білім нәрін алып жатқан тыңдаушыларды, болашақтағы ішкі істер органдарының қызметкерлерін отансүйгіштікке, адалдық пен адамгершілікке тәрбиелеу және тәртіп пен заңдылықты нығайтуға, олардың кәсіби шеберлігін жоғарылату мақсатында бірқатар жұмыстар атқарып жатыр. Оқу ордасының ғылым докторлары мен ғылым кандидаттары, тәжірибесі мол профессорлық-оқытушылар құрамы білім беру барысында сабақ оқытудың интерактивтік әдістері мен тәсілдерін пайдаланады. Білім берудің тәжірибелік бағыттылығын қамтамасыз ету мақсатында сабақтар «Камера», «Колонияның макеті» полигондарында өткізіледі.

Жас офицерлеріміз қоғамдық ортада тәртіпті қырағылықпен қорғап, алған білімдерін тәжірибеде қолданып, Елбасы жүктеген тапсырмаларды абыроймен атқарып жүр. Осы жерде құқық қорғау органдарының принципті жаңа ғылыми тәсілдерге және кадрлық процестерді басқарудың инновациялық технологияларына негізделген жаңа кадр саясатының маңыздылығын да атап өтуге болады.

- ҚР ІІМ ҚАЖ комитетінің «Жазаларды орындау - Исполнение наказаний» журналы ұжымы мен журнал оқырмандарына айтар ойыңызбен бөліссеңіз...

- Журнал ұжымына, журналдың басшылық өкіліне үлкен шығармашылық табыс тілеймін. Әлбетте, ең бастысы - қажымас қайрат, талмас талап, зор денсаулық болсын. Біздің Академияда ерекше өзіндік орны бар журнал көркейіп, оқырмандар саны көбейсін... Қаламы қарымды тілшілердің сиярызға кеппесін! Біздің Академиямызға келгендеріңізге үлкен алғыс айтамын.

Сұхбаттасқан:
М. АҚАНОВА,
тілші,